

## Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 206 қаулысы

Тәжікстан Республикасындағы табиғи апат салдарын жоюға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны анықтасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі ізгілік жүкті Тәжікстан Республикасының межелі пунктіне дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының*

*К.Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2016

жылғы

11

сәуірдегі

№ 206

қаулысына

қосымша

## Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтар тізбесі

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Өсімдік майы	литр	100 000
2	Жоғарғы сұрыпты бидай ұны	килограмм	250 000
3	2 сұрыпты бидай ұны	килограмм	250 000
4	Шай	килограмм	5 000
5	Макарон өнімдері	килограмм	40 000
6	Сүт консервілері	физикалық банка	130 000
7	Сары май	килограмм	90 000

8	Кептірілген көкөністер	тонна	5
9	Ет консервілері	физикалық банка	90 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ